



ҚАУЛЫ

2026 жылғы 2 сәуір


Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 1253

город Шымкент

Сауда-саттыққа (аукциондарға)  
шығарылатын жер учаскелерінің  
тізбесін қалыптастыру және  
бекіту туралы



Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес, және Шымкент қаласының Бас жоспары негізінде, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес сауда-саттықта (аукциондарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі қалыптастырылсын.

2. «Шымкент қаласының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қаулыдан туындайтын барлық шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуы Шымкент қаласының жер қатынастары басқармасының басшысы А. Исламовқа жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Шымкент қаласының әкімі



Г. Сыздықбеков

Шымкент қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_ қаулысына қосымша

Сауда-саттыққа (аукциондарға)  
шығарылатын жер учаскелерінің  
ТІЗБЕСІ

| Лот<br>№ | Мекен жайы (орналау орны)          | Аланы (га) | Нысаналы мақсаты                                                                                                                                                                   | Табыстау құқығы                                                                              | Бастапқы құны<br>(теңге) |
|----------|------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|
| 1        | Абай ауданы, 189 орам,<br>нөмірсіз | 0,1895 га  | Жер асты автотұрақтарына<br>кіреберісі бар көпқабатты<br>тұрғын үйлердің<br>құрылысын салу үшін                                                                                    | Жалға алу құқығы<br>(4 жылға уақытша<br>өтеулі қысқа мерзімді<br>жер пайдалану<br>құқығымен) | 7 616 384                |
| 2        | Абай ауданы, 189 орам,<br>нөмірсіз | 0,1732 га  | Жер асты автотұрақтарына<br>кіреберісі бар және бірінші<br>қабаттында коммерциялық<br>тұрғын емес үй-жайлары<br>қарастырылған көпқабатты<br>тұрғын үйлердің<br>құрылысын салу үшін | Жалға алу құқығы<br>(4 жылға уақытша<br>өтеулі қысқа мерзімді<br>жер пайдалану<br>құқығымен) | 6 961 254                |